



Қасым-Жомарт Тоқаев: ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ҰМЫТПАУ – ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ
САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ
ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ
ҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ.**

«Құрметті отандастар, біз жыл сайын 31 мамыр күні өткен ғасырдың бірінші жартысында саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған адамдардың рухына тағзым етеміз. Оларды жадымызда сақтау, заңдылық қағидаты мен әділдік құндылықтарына адал болу – біздің қастерлі борышымыз.

Қазақстанда барша азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты қорғау үшін жүйелі түрде жағдай жасалып жатыр. Мемлекетіміздің осы міндеті 15 наурыздағы жалпыұлттық референдум кезінде қабылданған Конституцияда заң жүзінде бекітілді. Біз бір қоғам болып, озық ойлы ел құру жолына бет бұрдық. Бұл – елімізде Әділдік, Заңдылық, Отаншылдық, Еңбекқорлық, Табиғатқа сүйіспеншілік қағидаттары айрықша маңызға ие болады, сондай-ақ ғылымды, жоғары технологияларды, мәдениетті және еріктілер қозғалысын дамытуға баса мән беріледі деген сөз.

Қазір бүкіл әлем Қазақстанды барлық салада тек алға қарай қадам басып келе жатқан ел ретінде таниды. Біз бұдан да биік белестерді бағындыру үшін қоғамымыздың ынтымақ-бірлігі мен тұрақтылығын нығайта беруіміз керек.

Қазақстанның болашағы әрдайым жарқын болмақ! Мен бұған кәміл сенемін», – деді Президент үндеуінде.

ҚАЗАҚСТАНДА 650 МЫҢНАН АСТАМ САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫ ТОЛЫҚ АҚТАЛДЫ

**1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА 103 МЫҢНАН
АСТАМ АДАМ САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАП,
ОЛАРДЫҢ 25 МЫҢЫ АТУ ЖАЗАСЫНА КЕСІЛДІ.**

Жалпы алғанда, 1930–1950 жылдары бұрынғы Кеңес Одағы аумағында 40 миллионнан астам адам саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың көпшілігі Қазақстан аумағындағы лагерлерге жіберілді. Атап айтқанда, «АЛЖИР» және «ҚарЛаг» сияқты ірі еңбекпен түзеу лагерлері арқылы миллиондаған адам өтті. Сол кезеңде Қазақстанға көптеген халықтар күштеп қоныс аударылды. Олардың қатарында Еділ бойы немістері, Қырым татарлары, Кавказ халықтары және басқа да этностар болды. Тек 1937 жылдың өзінде елімізге мыңдаған адам көшірілсе, Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға бір миллионнан астам адам жер аударылды. Бүгінде олардың ұрпақтары еліміздің көпұлтты қоғамының ажырамас бөлігіне айналды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары Иосиф Сталин қайтыс болғаннан кейін басталып, Тәуелсіздік жылдарында жалғасын тапты. 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. Ал 2020 жылы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Осы жұмыстардың нәтижесінде ақталған азаматтардың жалпы саны 650 мыңнан асты.

Комиссия ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ондаған архив қорын зерделеді, миллиондаған құжаттың құпия белгісі алынды. Зерттеу қорытындылары 72 томдық ғылыми жинақ түрінде жарық көрді. Сонымен қатар саяси қуғын-сүргін құрбандарының біріншілік деректері жасақталды.

Тарихи әділдікті қалпына келтіру және өткеннің қасіретті сабақтарын ұмытпау мақсатындағы жұмыстар бүгін де жалғасып келеді. Өйткені саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу – өткенге тағзым етіп қана қоймай, болашақ ұрпаққа тәуелсіздік пен еркіндіктің қадірін ұғындырудың маңызды жолы.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ДАРЫНДЫ ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ



**1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ
ҚАРСАҢЫНДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ
ҚИЛЫБАЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПӘН ОЛИМПИАДАЛАРЫНЫҢ,
ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ РОБОТО-
ТЕХНИКА ЧЕМПИОНАТТАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫМЕН
КЕЗДЕСТІ. БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДА БИІК БЕЛЕСТЕРДІ
БАҒЫНДЫРҒАН ЖАС ӨРЕНДЕРМЕН ӨТКЕН ЖҮЗДЕСУ ЕРКІН
ПІКІР АЛМАСУ ФОРМАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.**

Кездесу барысында өңір басшысы дарынды оқушыларды жеткен жетістіктерімен құттықтап, олардың табыстары тек жеке еңбектің жемісі ғана емес, сонымен қатар өңірдегі білім беру жүйесінің даму деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіш екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім сапасын арттыру мәселесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Себебі сапалы білім – елдің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын басты факторлардың бірі. Сіздердің халықаралық және республикалық деңгейдегі жеңістеріңіз – табандылықтың, еңбекқорлықтың және білімге деген құштарлықтың нәтижесі. Бүгінде сіздер Маңғыстаудың ғана емес, бүкіл Қазақстанның мақтанышына айналып отырсыздар. Алдағы уақытта да ғылым мен білім жолында жаңа белестерді бағындырып, еліміздің өркендеуіне өз үлестеріңізді қосады

деп сенемін, – деді Нұрәулет Қилыбай.

Кездесу барысында оқушылар облыс әкіміне өздерін қызықтырған сауалдарын қойды. Әсіресе мемлекеттік қызметтегі жауапкершілік, табысқа жетудегі тәртіп пен еңбектің маңызы, өмірлік таңдаулар, қазіргі жастардың мүмкіндіктері мен жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану мәселелері кеңінен талқыланды. Дарынды жастар өздерінің олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға дайындық барысындағы тәжірибелерімен бөлісіп, алдағы мақсат-міндеттері туралы әңгімеледі. Сонымен қатар білім беру саласын дамытуға қатысты ұсыныстарын жеткізді. Аймақ басшысы әрбір оқушының пікіріне назар аударып, өз тәжірибесінен мысалдар келтіре отырып, ақыл-кеңесін айтты.

Кездесу соңында сөз алған оқушылар білім мен ғылым саласына көрсетіліп жатқан қолдау үшін ризашылықтарын білдірді. Олар өңірде

дарынды жастардың әлеуетін дамытуға бағытталған мүмкіндіктердің жылдан-жылға артып келе жатқанын атап өтті. Іс-шара аясында халықаралық және республикалық деңгейдегі білім сайыстарында жоғары нәтиже көрсеткен оқушыларға облыс әкімінің атынан ақшалай сертификаттар табысталды. Бұл марапаттар жастардың білім жолындағы еңбегін бағалау ғана емес, оларды жаңа жетістіктерге ынталандырудың көрінісі болды.

Айта кету керек, 2025–2026 оқу жылында Маңғыстау облысының оқушылары халықаралық және республикалық олимпиадалар мен байқауларда ерекше табысқа қол жеткізді. Жалпы саны 270 медаль жеңіп алған өңір оқушылары математика, информатика, биология пәндері бойынша халықаралық олимпиадаларда, ғылыми жобалар конкурстарында және робототехника чемпионаттарында жоғары нәтижелер көрсетіп, Маңғыстау білімінің мерейін үстем етті.

Бүгінде өңірде дарынды балаларды қолдау мен олардың шығармашылық және ғылыми әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Осындай қолдаудың арқасында халықаралық деңгейде ел намысын қорғайтын жас таланттардың қатары жыл сайын артып келеді.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

БАЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ БАСЫМДЫҒЫ

**1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ
ҚОРҒАУ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЕЛІМІЗДЕ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
МЕН ОЛАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫ-
РУ БАҒЫТЫНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН
ЖҰМЫСТАР ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ. БҮГІНДЕ
ҚАЗАҚСТАНДА 6,9 МИЛЛИОННАН АСТАМ
БАЛА ӨМІР СҮРЕДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫ-
СЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТАП-
СЫРМАСЫМЕН ҚАБЫЛДАНҒАН 2026–2030
ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚСТАН БА-
ЛАЛАРЫ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ОСЫ
САЛАДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚҰЖАТҚА АЙНАЛДЫ.**

Тұжырымдама аясында 158 іс-шара жүзеге асырылып, оған 1,3 триллион теңге қарастырылған. Бағдарлама білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және балалар қауіпсіздігі бағыттарын қамтиды. Соңғы бес жылда елімізде 1 200-ден астам мектеп салынып, 1 миллионнан астам жаңа оқушы орны ашылды. Нәтижесінде, үш ауысымды мектептер саны төрт есеге қысқарды. Сонымен қатар балабақшалар желісі кеңейіп, мектепке дейінгі біліммен қамту деңгейі 96 пайызға жетті.

Балалар денсаулығын қорғауға да ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы бес жылда бұл салаға бөлінетін қаржы екі еседен астам өсіп, 585 миллиард теңгеге жетті. Соның нәтижесінде нәресте

өлімі 7,5 есеге, ана өлімі 6 есеге төмендеді.

Әлеуметтік қолдау шаралары да кеңейтілуде. 2026 жылы балалары бар отбасыларға төленетін жәрдемақыларға 974 миллиард теңге бөлінеді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 19,1 пайызға артық.

Балалардың болашағына бағытталған маңызды жобалардың бірі – «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы. Үш жыл ішінде бағдарлама аясында балалардың арнайы шоттарына 2,3 миллиард АҚШ доллары аударылды. Қазіргі таңда жүздеген мың жас қазақстандық бұл қаражатты білім алуға және тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдаланып жатыр. Сондай-ақ 2025 жылдан бастап оқушылардың жас қажеттіліктерін ескеретін мектептегі тамақтанудың жаңа стандарты енгізілді. Психикалық денсаулықты қолдау жүйесі де дамып келеді: балалар мен ата-аналар ақыл-кеңес және көмек алу үшін жастар денсаулығы орталықтары мен психикалық денсаулық орталықтарына жүгіне алады. Жасөспірімдерге тигізетін зиянын азайту үшін электронды темекі мен вейп айналымы заңды түрде шектелді, сонымен қатар 21 жасқа толмаған адамдарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салынды.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық мектептерде буллингке қарсы бағдарламалар енгізіліп, психологиялық қолдау орталықтары жұмыс істеуде. Сонымен қатар балалардың құқықтарын қорғау саласындағы жауапкершілік пен мемлекеттік бақылау айтарлықтай күшейтілді. Осылайша мемлекет балалардың сапалы білім алып, дені сау болып өсуі және қауіпсіз ортада тәрбиеленуі үшін кешенді жұмыстарды жалғастырып келеді.

PRIMEMINISTER.KZ